

ГРНТИ 03.81.33
ӘӨЖ 930

Шаяхметов Н.У.¹

¹*m.э.д., Astana IT University профессоры*

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ АЙМАҒЫНДА ОРМАН АЛҚАПТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТАРИХЫНЫҢ
КЕЙБІР МӘСЕЛІЛЕРІ
(XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. басы)**

Аңдатпа

Қазақстанның далалық аймағындағы орман мен орман алқаптары бұл өлкенің аграрлық келбетінің маңызды элементі болып саналады. Ресей империясының Қазақ жеріндегі аграрлық отарлау саясаты шаруаларды қоныс аударумен, құнарлы жерлерді жаппай тартып алумен ғана сипатталмайды, сонымен бірге орман алқаптарын тартып алу арқылы көрініс тапты. Патша үкіметі 1891 жылы қабылданған Далалық ережеге сәйкес Қазақ жеріндегі орман алқаптары Ресейдің мемлекеттік меншігіне өтті. Аграрлық отарлық саясат барысында далалық облыстардағы орман алқаптары тауарлы өндіріс көзіне айналды. Бұл факторлар XIX-XX ғ. тоғысында далалық облыстардың аграрлық келбетінің өзгеруі мен экожүйенің дағдарысына алғышарт болды.

Түйін сөздер: экологиялық тарих, далалық облыстар, аграрлық келбет, орман алқаптары, аграрлық тарих

Shayakhmetov N.U.¹

¹*Doctor of History, Professor at Astana IT University*

**SOME ISSUES OF THE HISTORY OF FOREST USE IN THE STEPPE LAND OF KAZAKHSTAN
(II-half of the 19th - early 20th centuries)**

Abstract

Forests and woodlands of the steppe region of Kazakhstan are an important element of the agrarian landscape of this region. The colonial agrarian policy of the Russian Empire in Kazakhstan was carried out not only through the mass resettlement of peasants and the seizure of fertile land, but also the seizure of forests and forest lands of Kazakh lands. According to the Steppe Regulations of 1891, forests and forest lands in the Kazakh steppe were declared the state property of the Russian Empire. In the process of implementing the agrarian colonial policy, the forest lands of the steppe regions became objects of commercial production. These factors became a prerequisite for a change in the agrarian landscape and a crisis in the ecosystem of the steppe regions in the second half of the 19th - early 20th centuries.

Key words: ecological history, steppe region, agrarian landscape, forest lands, agrarian history

Шаяхметов Н.У.¹

¹*д.и.н., профессор Astana IT University*

**НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ ЛЕСОПОЛЬЗОВАНИЯ В СТЕПНОМ КРАЕ КАЗАХСТАНА
(II-пол. XIX – нач. XX вв.)**

Аннотация

Леса и лесные угодья степного края Казахстана являются важным элементом аграрного пейзажа данного региона. Колониальная аграрная политика Российской империи в Казахстане осуществлялась не только путем массового переселения крестьян, но и изъятием плодородных земель, лесов и лесных угодий казахских земель. Согласно Степному положению 1891 г. казахские земли, леса и лесные угодья объявлялись государственной собственностью Российской империи. В процессе осуществления аграрной колониальной политики лесные угодья степных областей стали объектами товарного производства. Данные факторы стали предпосылкой изменения аграрного пейзажа и кризиса экосистемы степных областей во второй половине XIX – начале XX вв.

Ключевые слова: экологическая история, степной край, аграрный пейзаж, лесные угодья, аграрная история

Отарлық саясаттың әлеуметтік, экономикалық, мәдени-рухани салдары туралы зерттеулер жарияланды, алайда қоршаған ортаның өзгеруі, экожүйенің трансформациялануы турасындағы зерттеулерге деген қажеттілік айқын болып отыр. Сол себепті бүгінгі күні бүкіл ғаламда экологиялық ахуал ең өзекті мәселеге айналып

отырғандықтан, біз қоршаған ортаның тарихи өзгерісі негізінде қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін осы қырынан айқындауға тырыстық.

Қазақстанның далалық аймақтарының аграрлық келбетінің өзгеруі ормандардың жаппай оталуы мен орман алқаптарының азаюымен тығыз байланысты болды. Ормандар жайылымдар, егінжайлар, шабындықтар сияқты кез келген кеңістіктің аграрлық келбетінің маңызды элементі болып есептелетіндігі белгілі. Ағаш шикізаты шаруашылық пен тұрмыс-тіршіліктің қажеті үшін аса керек материал. Сондықанда ағаш шикізатына деген сұраныс қай кезеңде де болған және бола береді де. Мәселе оған деген сұраныс пен тұтынудың мөлшеріне байланысты.

Патшалық Ресейдің отарлық саясатының күшеюі мен шаруашылық ықпалының артуына сәйкес XIX ғ. ортасынан бастап орман алқаптары да тауарлы өндіріс жүйесіне тартыла бастады. 1891 жылғы Далалық Ереже бойынша қазақ жерімен бірге орман алқаптары да Ресей империясының мемлекеттік меншігі болып жарияланды [1].

Ресей отаршылығына дейін Қазақ жеріндегі орман алқаптары мен ағаш шоғырлары өзінің табиғи қалпын сақтап тұрған. Өйткені, көшпелі қоғамның ағаш шикізатына деген сұраныстары шектеулі болған-ды. Ағаш шикізатын қолдану киіз үй жабдықтары үшін, ер-тұрман, ыдыс-аяқ сияқты т.б. тұрмысқа қажетті заттарды жасауда тұтынылатын еді. Ағаштан салынған қыстау үйлер тек орманды алқаптарды мекендейтін ру-тайпаларда ғана болған. Мысалы, мұрағат деректеріне қарағанда 1898 жылғы есеп бойынша Семей облысындағы ағаштан, кірпіштен салынған, тоқыма материалдардан салынған, жертөле іспетті барлық қыстаулардың саны 83.666 болса, солардың 12.599 ғана ағаштан салынған қыстаулар болған. Біршама орманды болып келетін Семей уезінде ағаштан салынған қыстаулардың саны 6.309, Өскемен уезінде – 4.064, Павлодар уезінде 1.625 болса, орман ағаштары сирек кездесетін Зайсан уезінде ағаштан салынған қыстаулар 362, ал Қарқаралы уезінде 239 ғана құраған.[2] Ал Торғай облысының Елек уезі материалдары бойынша ағаштан салынған қыстаулар тек казак әскери шебіне жақын орналасқан Бөрте, Теректі, Аралтөбе болыстарында ғана кездеседі. Оның өзінде олардың саны өте аз, болыс құрамындағы бір жарым мың шаңырақтың ағаштан салынған қыстаулары 70-тен аспайтыны атап көрсетілген. Негізінен аталмыш уездің қазақтары жертөле іспетті қыстауларда қыстап шығады екен. Киіз үйдің қажетті материалдарын шөп бойындағы қазақтардан немесе Орынбор мен Ор қалаларындағы сауда орындарында башқұрттардан сатып алатын болған [3]. Бұл деректерден шығатын қорытынды қазақтар орман алқаптарының оталуы мен азаюына елеулі түрде әсер ете қоймағандығын көреміз.

Орман алқаптары өзінің табиғи қалпын біршама сақтап келді деуіміздің тағы бір себебі - қазақтарда қыстауларын жылыту үшін және ас-ауқатын әзірлеуде табиғи биоматериал - тезек пайдаланылғандығы белгілі. Алайда Қазақ жерінде Орал, Сібір және Жетісу казак әскерінің құрылуы, казак бекіністерінің, станицалары мен хуторларының, қоныс аударушы шаруаларға арналған деревнялар мен селоларының бой көтеруі, XIX ғ. II жартысынан бастап қалалар мен өндірістің дамуы ағаш материалдарына (орман шикізатына) деген сұраныстың күрт артуына алып келді.

Дегенмен географиялық ортаның сипаты бойынша орманды-далалық ландшафт Қазақ жерінің солтүстік-шығыс бөлігін ғана қамтып жатқаны белгілі. Ал ағаш материалдарына деген шаруашылық қажеті үшін сұраныс көлемінің артуы Қазақ жерінің орманды-далалық белдеуінің аграрлық келбетінің өзгеруіне елеулі ықпал етті.

1870 жылға дейін далалық облыстардағы казак әскеріне тиесілі жердегі ормандар да, қазақ болыстарындағы ормандар да ешбір бақылаусыз және күзетсіз болып, олардан ағаш кесу барлығына еш бөгетсіз әрі тегін жүзеге асырылып келген. Алайда, казак әскері үшін тартып алынған жерлердегі орман ағаштары қазақтардан басқа халықтарға кесіп, пайдалануға тиым салынған болатын. Ал казактар болса, ағашты өздерінің шаруашылық қажеттіліктері үшін де, сату үшін де шектеусіз пайдалануға құқылы болды. Мұндай тәртіптің ұзақ жылдар бойы сақталып келуі казак әскері жеріндегі де, қазақтар мекен еткен далалардағы да ормандардың көлемі азайып, кейбір жерлерде тіпті, мүлде оталып кетуіне де әкеліп соқтырды [4].

Қазақ даласындағы ормандардың, әсіресе казак әскері үшін тартып алынған жерлердегі ормандардың жаппай кесіліп, отала бастауы патшалық әкімшіліктің шұғыл шаралар қабылдауына мәжбүр етті. Мәселен, Ақмола облысындағы ормандардың жағдайы туралы әскери губернатордың берген деректеріне қарағанда, ормандардың оталуы осылай жалғаса беретін болса, оның экологиялық зардаптары егін шаруашылығымен айналысатын орыс шаруалары үшін өте ауыр болатынын патша әкімшілігі жақсы түсінген. Сондықанда, қазақ жеріндегі ормандарды бақылау мен қадағалау жұмысын жүргізу міндеті Облыстық Басқарма штатындағы Орман бөлімі чиновнигіне жүктелген. Казак әскері үшін тартып алынған қазақ жерлеріндегі ормандарды Әскери Шаруашылық Басқарманың бақылауына бекіткен. Орман ағаштарын заңсыз кесуге тосқауыл қою мақсатында казак станицалары мен поселкелерінде 1 орманшыны бақылаушы ретінде тағайындаған. Казактардың юртовый бөліктерінде (юртовый надел) казактар үшін шаруашылық қажеттіліктеріне немесе отынға ағашты ақысыз кесуге рұхсат етілсе, әскери қор (войсковой запас) мен он шақырымдық жерлерде ағаш кесу белгіленген ақы бойынша жүзеге асырылған. Ал қазақтарға тиесілі ормандарды қорғау мен бақылау үшін Облыстық Басқарма штатындағы ерікті орманшылар жалдауға жыл сайын 600 сом қаржы бөлу қарастырылған екен. Бұл қаржыға Ақмола облысындағы орман алқаптары бар 4 уездің (Омбы, Көкшетау, Петропавл, Ақмола; ал Атбасар уезінде ормансыз далаға жатады) қазақ болыстарының аумағында орналасқан ормандарды бақылау үшін қазақтардан әр бір уезде 3 орманшы жалданады. Бірақта, әскери губернатордың мәліметтеріне қарағанда, орман алқаптарына лайықты бақылау жүргізуге бұл орманшылардың жеткіліксіз екендігі және де орман алқаптарының бір бірінен қашық орналасуына байланысты оны толық қадағалау мүмкін еместігін атап көрсетеді.

1867-68 жылғы реформалардан кейін патша әкімшілігі енгізген жаңа тәртіп бойынша қазақтарға да шаруашылық қажеттіліктері үшін ағаш кесу тегін болған. Жалпы, далалық облыстарда ағаш кесу тек Облыстық

Басқарманың рұхсатымен және белгіленген ақы бойынша жүзеге асырылатын болды. Ақмола облысында әскери губернаторының баяндауына қарағанда, жылдан жылға ормандардың көлемі азайып келген. Оның басты себептері: біріншіден, бақылаудың жеткіліксіздігі; екіншіден, қазақ даласында жиі болып тұратын орман өрттері болып отырғандығы атап көрсетіледі [5]. Бұл ретте губернатордың назарынан адамдардың орман игіліктерін пайдаланудағы жыртықшылық әрекеттері тыс қалған.

Далалық облыстардағы орман алқаптарын қорғау мен бақылауды күшейту бағытында патшалық әкімшілік Орман бақылау бөлімдерін құрып, олардың тиімді жұмыс істеуін үнемі назарда ұстап отырған. Бұл бүкіл қазақ жері сияқты, күллі ормандар да Ресей империясының мемлекеттік меншігіне алынғаннан кейін жүзеге асырылған іс-шаралардың бірі болатын-ды.

XX ғ. басында Торғай облысындағы барлық орман дачаларының саны 34, олардың алып жатқан аумағы 490667 дес. құраған. Бұл орман дачаларының 23-і Қостанай уезінде, 8-і Ақтөбе уезінде, 3-і Торғай уезінде орналасқан. Орта есеппен барлық облыс көлемінің 90 дес. аумағына 1 дес. орманды алқап келеді [6]. Ал Ақмола облысында 16, Семей облысында 8 орман алқаптарын қорғап, бақылайтын Орман бақылау бөлімдері құрылған [7].

Біздің ойымызша, Далалық облыстардағы ормандардың жыртықшылықпен оталуының бірден бір себебі XIX ғ. II-жартысынан бастап Ресей патшалығының отарлық саясатының күшеюіне байланысты орыс шаруалары мен казактардың шаруашылық қажеті үшін ағаш материалдарына деген қажеттіліктің күрт артуы және ормандардың пайда көзіне айналуы, яғни жеке шаруашылық ретінде тауарлы өндіріске бейімделуі басты фактор болды. Оған мына бір статистикалық деректерге назар аударатын болса, толық көз жеткізуге болады. Мәселен, 1873 жылғы Ақмола облысы әскери губернаторының мәліметтері бойынша облыстағы орман алқаптарының алып жатқан көлемі – 924.959 дес. (қарағайлы орман – 128.400 дес.; аралас орман – 59.472 дес.; қылқан жапырақты ормандар бұталы ағаштармен қоса есептегенде – 737.086 дес.) құраған болса, [8] Ақмола облысы губернаторының облыстағы ормандардың жағдайы туралы 1881-82 жылдарға арналған есебі бойынша орман алқаптарының жалпы көлемі 350.430 дес. тең екенін, яғни облыс көлемінің 1/12 бөлігін ғана алып жатқандығы жәйлі мәлімет беріледі [9].

Ақмола облысындағы ормандар табиғи ерекшеліктері бойынша 2 бөлікке бөлінеді: 1. Солтүстік бөліктегі ормандар. Оған Омбы мен Петропавл уездері кіреді. Бұл бөлікте негізінен қайың мен терек, тал өседі. 2. Оңтүстік бөліктегі ормандар. Оған Ақмола мен Көкшетау уездері жатады. Бұл уездердің орманды алқаптарында негізінен қарағай өседі. Кейбір бөліктерінде қайың-терек аралас қарағай өседі.

Ақмола облысының әскери губернаторына облыстағы ормандардың жағдайы туралы берілген деректерде орман алқаптарының аяусыз пайдаланылғаны туралы: «Березовые леса хотя и находятся в благоприятных условиях для произрастания, но самовольные порубки и огонь произвели громадные опустошения. Кругом видны обгорелые пни, засохшие деревья и вершинки. Много встречается таких мест, где прежде, лет 30-40 тому назад, был лес и, судя по оставшимся пням, размеры его были значительны, теперь же на этих местах почва покрыта травяной растительностью и кое где молодой березовой и осиновою порослью. ...хищнический способ пользования лесом и частые пожары видны повсюду» деп, қоршаған орта игіліктерін пайдаланудағы адамдардың жыртықшылығы жәйлі ащы шындық айтылған [10].

Ақмола облысында орман алқаптарының көлемінің күрт азаюына патшалық әкімшіліктің орман шаруашылығын тауарлы өндіріс жүйесіне тартуы елеулі әсер етті. Мәселен, жоғарыда берілген мәліметтерде мынандай өндірістік ахуал туралы: «...Ертіс өзеніне жақын орналасқан, әсіресе солтүстік-шығыс бөліктегі орман ағаштары үлкен көлемде кесілуде, өйткені, ол жерде ағашты өткізу (сату – Н.Ш.) өте ыңғайлы және отырықшы елді-мекендердің жақын орналасуы мен Ертіс өзені арқылы бу кемелерінің жүруіне сәйкес оған (ағаш материалдарына – Н.Ш.) сұраныстың да жоғары» екендігі баяндалады [11].

Далалық облыстардағы орманды алқаптар қазына мүлкі болып есептелгендіктен, оны жергілікті халықтың пайдалануы үшін орман бөліктерін сату (делячная продажа) жүйесі енгізілген [12]. Мысалы, Омбы орман бақылау (лесничество) бөлімі бойынша 1885 жылы құрылыс материалы ретінде 1643 дана қайың, 3.200 дана сырғауыл және діңгек ағаш босатылса, отынға 1.834 куб. сажень қайың, ағаш бұйымдары мен материалдары - 4 куб сажень, талдың бұтағы – 64 куб сажень босатылған. Барлық босатылған ағаштың кубтық массасы – 1.949.77 куб саженьді құраған [13]. Ал, Қостанай уезінің 1892 жылғы есебі бойынша орман шаруашылығынан түскен пайда 19.502 сом 99 тиынды құраған. Ал уезд аумағындағы орман ағаштарын рұхсатсыз кескен адамдарға салынған айыппұл көлемі 776 сом 8 тиын болды [14].

Далалық облыстардағы ормандардың оталуы мен жаппай кесілуінде ерекше «жыртықшылықпен» белсенділік танытқан казактар мен орыс шаруалары болғандығын патша әкімшілігінің чиновниктері атап көрсетеді. Ал казактар орман ағаштарына қамқорлықпен қарауының себебі – олардың өмірлік мүдделерімен сәйкес келетін еді. Өйткені, казактардың қыстаулары мал мен жанға ық болатын, борандар мен қатты желдерден қорған болатын ормандар мен бұталы ағаштардың маңына немесе қыратты жерлерде орналасатын-ды. Сол себепті де казактардың орман ағаштарына деген көзқарасы мүлде басқаша еді. Олар орманды пайда көзі деп емес, оны табиғаттың байлығы, сыйы ретінде бағалап, олардың сақталып қалуына ерекше мүдделілік танытты. Бұл турада патша чиновнигінің төмендегі деректері соның дәлелі болса керек: «Леса, растущие по берегу р.Абугана (Обаган өзені – Н.Ш.), благодаря отдаленности от оседлых поселений, ...служба хорошей защитой для зимовок киргиз, (казактарға – Н.Ш.) по всюду настроенных по рощам, почему и лес в этих рощах сохранился более чем в других» [15].

Сонымен бірге, қазақтардың қол өнері, яғни ағаш ұсталығы өндірістік ауқымға көтеріле қоймағандықтан орман ағаштары мен өзен бойында өсетін бұталы ағаштарға болсын кең көлемде нұқсан келтіре қоймайтын еді. Дегенмен, Далалық облыстардағы ормандардың оталуын тек казактар мен орыс шаруаларының немесе өндіріс иелерінің шаруашылық қызметімен ғана байланыстыруға болмайды. Өйткені, қазақтар да жұт кезінде немесе қыстың ауыр жылдарында қар қалың түсіп, қатты суықтар ұзаққа созылған жағдайда шөптің жетіспеуіне байланысты қыстау маңындағы ағаштардың бұтақтарын, бүрін кесіп алып, малға азық ретінде беруге мәжбүр болған. Көптеген орман өрттері де қазақтардың шаруашылық қызметі барысында туындап отырғанын жоққа шығаруға болмас.

Сондай-ақ, Қазақ жерінің далалық аймақтарындағы орман алқаптарының оталуына табиғи-климаттық фактордың да күшті әсері болды. Егер шаруашылық қажеті үшін орман материалдарына деген сұраныс бірте бірте артып отырса, қатал да ұзаққа созылатын қыстар жиі қайталанған жағдайда халықтың қысқыға әзірлеген отыны таусылып, қыстау, деревня немесе станица маңындағы орман алқаптары түгелге жуық оталып қалатын болған. Бұл турада мына бір деректі түпнұсқада бергенді жөн көріп отырмыз. Ол Ор уезінің Таналық болысына қатысты айтылған болса да, Қазақ даласында орын алған сол тарихи кезеңнің шындығын дәл айқындап береді. Онда: «Леса здесь истреблялись постепенно, а за последнее время особенно в 1879 году, когда зима продолжалась далее 15 числа апреля месяца и народ оставался или лучше сказать не заготовил топлива на черный день, лес истреблен на чисто», деп атап көрсете келе, оның экологиялық зардабына да ерекше назар аудартады: «До истребления лесов разлитие рек здешних всегда отличалось обилием воды. Низкие места затоплялись водой окончательно; в настоящее же время это бывает не всегда» [16].

Сонымен бірге отарлық саясаттың басты бағыты бойынша Қазақ жеріндегі орман алқаптарының негізгі бөлігі казактар мен орыс шаруаларының иелігінде болғандығын естен шығармаған абзал. Осы әділетсіздікке байланысты қазақтар мен келімсектер арасында үлкен даулар мен жанжалдар туындап отырғандығы белгілі. Қазақ жерінде казактар мен орыс шаруаларының санының артуы, Қазақ жерін шаруашылық тұрғыда игеру үдерісінің жылдан жылға қарқын ала түсуі орман ағаштарына деген сұранысты күрт арттырып жіберді.

Торғай облысын алып қарастыратын болсақ, барлық далалық облыстар сияқты орман алқаптарына зәру аймақ екені белгілі. Облыстың солтүстік бөлігін қамтып жатқан Ақтөбе, Қостанай және Торғай уездерінде ғана көлемі шағын орманды алқаптар, бұталы ағаштар шоғыры кездеседі. Олар негізінен өзен жағалауларында, кең жыраларда орналасқан. Қостанай уезінде қарағайлы ормандар құмды қыраттарда кездеседі. Бұл аймақтарда қоршаған ортаның ормансыз болып қалыптасуының табиғи себептеріне жиі қайталанып тұратын құрғақшылықтар, ылғалдылықтың жеткіліксіздігі, үнемі соғып тұратын құрғақ әрі құмды желдер жатады. Ал онсыз да жеткіліксіз орман алқаптарының күрт азайып кетуіне, әсіресе, XIX ғ. 60-70 жылдары ерекше пәрменге ие болған орыс отаршылығының «пионерлері» тарапынан жыртықшылықпен орман ағаштарын отауы болған-ды. Одан кейін, яғни XX ғ. басында бұталы ағаштар мен талдар кесіле бастаған. Негізінен олар үй шаруашылығы мен отынға пайдалану мақсатында кесілді. Орман ағаштарын осылайша жыртықшылықпен отау – егіншілік пен өсімдіктер әлеміне үлкен зардабын тигізгені белгілі. Өйткені, ормандар мен ағаштардың кесілуі нәтижесінде құмды аумақтардың таралуына алғышарт жасалады. Оған дейін Ақтөбе уезі құмды алқаптардан мүлде ада және жақсы жайылымдарға ие болған, өзендердің суы ағынды, ал жағалары бұталы ағаштар мен талдарға бай болып келетін және құнарлы қаратопырақты жерлерінде егінжайлар жайқалып тұратын болған. Алайда, орман ағаштарын кесудің жылдан жылға артуы салдарынан Ырғыз уезіндегі сусыма құмдардың желмен айдалып келуіне жол ашып берілген. Сол себепті табиғи тұрғыда шаруашылыққа қолайлы жерлер жедел өзгере бастаған [17].

Түйіндей айтқанда, Қазақ жерінің далалық облыстарында егіншіліктің кең көлемде таралуы мен орман алқаптарының бірте бірте оталуы себебінен бұл аймақтың климатында құрғақшылық (аридизация) құбылысы күшейе бастады. Мұндай құбылысқа далалы аймақтардағы ылғалдылық мөлшерінің күрт төмендеуі және үнемі соғатын құрғақ жел тән еді. Егіншілік үшін жыртылған жердің көлемінің бірте бірте ұлғаюы және орман ағаштарының оталуының жиі қайталануы далалық аймақтардың құрғақшылық жайлаған белдеуге айналуына елеулі түрде әсер етті. Өз кезегінде қоршаған ортаның бірте бірте құрғақшылық жайлаған белдеуге айналуы көшпелі мал шаруашылығы мен табиғи ортаны пайдалану дәстүрінің дағдарысын туғызуға алып келген еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Аграрная история Казахстана (конец XIX – начало XX в.): Сборник документов и материалов/Автор-составитель С.Н.Малтусынов.- Алматы: «Дайк-Пресс», 2006.- 1240 с. (С. 26)*
- 2.Статистические сведения о Семипалатинской области за 1898 год // ҚР ОММ 460-қор, 1-тізбе, 31-іс, 99-парақ*
- 3.Ответы на вопросы программы Оренбургского отдела ИРГО по быту киргиз Илецкого уезда Тургайской области / Составитель: бий Кунакбай Айджанов // РФ ОрОММ 94-қор, 1-тізбе, 53-іс, 115-115 қайырма парақ*
- 4.Всеподданнейший отчет по Западной Сибири за 1873 г. // РФ ОмОММ 3-қор, 7-тізбе, 11285-іс, II-том 380-қайырма парақ*
- 5.Всеподданнейший отчет по Западной Сибири за 1873 г. // РФ ОмОММ 3-қор, 7-тізбе, 11285-іс, II-том, 380-қ.п.-381 п.*
- 6. Тургайская область. Энциклопедический словарь Ф.А. Брокгауза и И.А. Ефрона // <http://dic.academic.ru>*
- 7.Годовые отчеты лесничеств Акмолинской области по основной деятельности (1917 г.) // РФ ОмОММ 354-қор, 1-тізбе, 28-іс, I-том, 10 п.*

8. *Всеподданнейший отчет по Западной Сибири за 1873 г. // РФ ОмОММ 3-қор, 7-тізбе, 11285-іс, II-том, 380-қ.п.*
9. *Дело по представлению Акмолинского губернатора с отчетом о состояний лесов в Акмолинской области за 1881-82 гг. // РФ ОмОММ 3-қор, 11-тізбе, 17421-іс, 4-п.*
10. *Дело по представлению Акмолинского губернатора с отчетом о состояний лесов в Акмолинской области за 1881-82 гг. // РФ ОмОММ 3-қор, 11-тізбе, 17421-іс, 5-6 пп.*
11. *Дело по представлению Акмолинского губернатора с отчетом о состояний лесов в Акмолинской области за 1881-82 гг. // РФ ОмОММ 3-қор, 11-тізбе, 17421-іс, 10 қ.п.*
12. *Сведения уездных начальников для отчета Тургайскому военному губернатору о состояний области за 1892 г. // ҚР ОММ 318 қ., 1 т., 1 іс, 25 қ.п.*
13. *Годовой отчет за 1885 г. по Омскому лесничеству // РФ ОмОММ 227-қор, 1-тізбе, 6-іс, 14 қ.п.-15 п.*
14. *Сведения уездных начальников для отчета Тургайскому военному губернатору о состояний области за 1892 г. // ҚР ОММ 318 қ., 1 т., 1 іс, 136 қайырма парақ*
15. *Дело по представлению Акмолинского губернатора с отчетом о состояний лесов в Акмолинской области за 1881-82 гг. // РФ ОмОММ 3-қор, 11-тізбе, 17421-іс, 23-п.*
16. *Ответы на вопросы программы Оренбургского отдела ИРГО общей географии по местности Таналыкской, Орского уезда / Составитель А.Шишков // РФ ОрОММ 94-қор, 1-тізбе, 53-іс, 62-63 қайырма парақ*
17. *Тургайская область. Энциклопедический словарь Ф.А. Брокгауза и И.А. Ефрона // <http://dic.academic.ru>*

List of references:

1. *agricultural history of Kazakhstan (konets XIX – beginning XX V.): collection of documents and Materials/author-member S. N. Maltusynov.- Almaty: "Дук-Press", 2006.- 1240 с. (P. 26)*
2. *statistical data on the Semipalatinsk region for 1898 // fund 460 of the state institution of the Republic of Kazakhstan, list 1, case 31, sheet 99*
3. *answers to the Orenburg branch of the Irigo program for the export of Kirgiz Iletsy District of the Turgay Region / member: biy Kunakbay Aidzhanov // oromm of the Russian Federation fund 94, list 1, case 53, 115-115 sheets*
4. *The Most Complete Report on Western Siberia for 1873. // Fund 3, List 7, case 11285, Volume II, 380 sheets*
5. *The Most Complete Report on Western Siberia for 1873. // Russian State Duma Fund 3, List 7, case 11285, Volume II, P.380-P.-381.*
6. *Turgay region. "I don't know," he said.<http://dic.academic.ru>*
7. *annual reports on the forests of Akmola region on the main activity (1917) // Russian State Enterprise Fund 354, list 1, case 28, volume I, 10 p.*
8. *The Most Complete Report on Western Siberia for 1873. // Fund 3, List 7, case 11285, Volume II, 380-P.*
9. *Business on the presentation of the Akmola governor with a report on the state of forests in the Akmola region for 1881-82. // Fund 3, List 11, case 17421, P.4 of the RSE of the Russian Federation.*
10. *business on the presentation of Akmola governor with a report on the state of forests in Akmola region for 1881-82. / Fund 3, List 11, case 17421, pp. 5-6.*
11. *business on the presentation of Akmola governor with a report on the state of forests in Akmola region for 1881-82. // Fund 3, List 11, case 17421, P.10 of the RSE of the Russian Federation*
12. *head of the district to report to the Turgai military governor of the region in 1892. // Secondary School of the Republic of Kazakhstan 318, 1 Item, 1 case, 25 p.*
13. *Annual Report for 1885 on Omsk Forestry // Fund 227 of the Omsk of the Russian Federation, list 1, case 6, item 14 -15.*
14. *News of the beginning of the district to the Turgai military governor of the region in 1892. // Secondary School of the Republic of Kazakhstan 318, 1 Item, 1 case, 136 sheets*
15. *business on the presentation of Akmola governor with a report on the state of forests in Akmola region for 1881-82. // Fund 3, List 11, case 17421, P.23 of the RSE of the Russian Federation.*
16. *answers to the Orenburg region's general geography program for the location of Tanalyk, Orsky District / Member A. Shishkov // oromm of the Russian Federation fund 94, list 1, case 53, sheets 62-63*
17. *Turgayskaya region. "I don't know," he said.<http://dic.academic.ru>*